



БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

6-БЕТ | БІЛІМ



«ORDA AUTISM»: ҮМІТ ПЕН ТІРЕК

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



БАЛА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз жыл сайын 31 мамыр күні өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Мемлекетіміз қуғын-сүргіннен жазықсыз жапа шеккен жандарды ақтау, төл тарихымыздың ақтаңдақ беттерін объективті әрі тыңғылықты зерделеу жұмыстарына баса мән беріп отыр. Біз өткен замандағы қасіретті оқиғалардан тағылым алып, оны ұлт жадында сақтай білуіміз керек. Сонда ғана кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, әділетті мемлекет және өркениетті қоғам құру жолындағы биік белестерді бағындыра аламыз.

№65
(4653)
Сенбі
1 маусым
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



31 МАМЫР

саяси қуғын-сүргін
құрбандарын еске алу күні

БОЗДАҚТАРҒА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Кеше Қазақстан халқы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына тағзым етті.

Зұлмат заманда Кеңес Одағының солақай саясаты салдарынан 100 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілген. Қаншама адам қолдан жасалған ашаршылықтың құрбаны болды. Елорда тұрғындары жылдағы дәстүрмен қала орталығындағы монументалды кешеннің «Қайғы қабырғасына» гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен саяси қуғын-сүргін және ашаршылық салдарынан қаза тапқандарды еске алды.

4

АЙНАЛМАЛЫ БАҒДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бас қалада бүгіннен бастап алғаш рет №55 айналмалы бағдар іске қосылды.

Бағыт елорданың «Министрліктер үйі», «Хан Шатыр» СОО», «Гүлжан» СУ», «Р.Бағланова атындағы Қазақконцерт», «Е.Рахмадиев атындағы филармония» сияқты негізгі көлік тораптарын қамтиды. №55 бағдардың бірыңғай соңғы аялдамасы – «№2 Ақмола облыстық ауруханасы». Бағдармен «Ivesco Urbanway» маркалы 20 автобус жүреді. Қозғалыс аралығы 8-15 минутты құрайды. Айналмалы бағдар қоғамдық көліктің қызметін жақсартуға және негізгі магистралдық көшелердің көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл балаларға қызық-қуаныш сыйлайтын мереке ғана емес, бұл – балалардың құқығын қорғауға, оларға қамқор болуға үндейтін, назар аударатын күн. Астанада балалар күніне орай көптеген мерекелік және қайырымдылық іс-шара ұйымдастырылады.

5

БАЛА БАҚЫТЫ – ӘЛЕМ БАҚЫТЫ

КӨЛІК КАРТАСЫ

Астанада СТС көлік картасының теңгерімін лезде толтыратын жаңа тәсіл енгізілді. Әзірге сервис 30 «Ю станция» терминалында 6 мекенжай бойынша қолжетімді:



1. «Әлем» СУ, Бөгенбай батыр даңғылы, 62;
 2. «Әсем» СУ, Ықылас Дүкенұлы көшесі, 31;
 3. «Сарыарқа» СОО, Туран даңғылы, 24;
 4. «Green Mall» СОО, Сығанақ көшесі, 17Б;
 5. «MEGA Silk Way» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 62;
 6. Әуежай, Қабанбай батыр даңғылы, 119.
- Оған қоса, басқа стационарлық терминалдармен интеграциялау жұмысы жүргізіліп жатыр. Дайын болғанына қарай көлік картасын толтырудың терминалдық желісі кеңейеді. Көлік картасының теңгерімін толтырғаннан кейін активация жасау қажет. Ол автобус ішіндегі планшет арқылы жүзеге асады. Активация мерзімі – 30 күн. Төлемді активациялау кезінде бір мезгілде жол ақысы алынады.

Астана қаласында 4 маусымнан бастап жаңа 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда топтарға жоспарлы қабылдау басталады.

Балабақшаларда топтарға жоспарлы жасақтау 28826 орынға жоспарланған. Бос орындар бала жасына байланысты ашылады: 1-2 жасқа – 147 орын; 2-3 жасқа – 8397 орын; 3-4 жасқа – 8253 орын; 4-5 жасқа – 6645 орын; 5-6 жасқа – 5350 орын; 6-7 жасқа – 34 орын. Барлық мемлекеттік балабақшада сағат 8:00-ден 18:00-ге дейін ата-аналарға кеңес беру орталығы жұмыс істейді.



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БҮЛДІРШІНДЕРІ «ӘНҰРАНЫМ – АЙБЫНЫМ» АТТЫ ЧЕЛЛЕНДЖ БАСТАДЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.39 \$ USD/KZT 443.16 ₰ RUB/KZT 4.94 ¥ CNY/KZT 61.18

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ДАМИМЫЗ ДЕСЕК, ҒЫЛЫМДЫ ӨРКЕНДЕТЕЙІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыдағы сапары барысында ғалымдармен кездесті.

«Сіздермен Ғылым ордасын да жиналып отырмыз. Бұл – қазақ ғылымының қара шаңырағы. Соңғы кездері бұл ғимарат әбден тозып кетті. Сондықтан мен осыдан екі жыл бұрын бұл жерде күрделі жөндеу жүргізу жөнінде тапсырма бердім. Содан бері біраз шаруа атқарылды. Іші де, сырты да заман талабына сай жаңғыртылды. Ең бастысы, ғимараттың тарихи келбеті сақталды. Жыл соңына дейін бұл жұмыс толық аяқталады, абаттандыру жұмысы жүргізіледі. Жаңарған Ғылым ордасы бүгінгі және болашақ ғалымдар үшін қызмет ете береді» деді Президент.

Мемлекет басшысы осы жерде халқымыздың көптеген көрнекті ғалымдары еңбек еткенін айтты. Ғылым ордасында есті ел тарихына жазылған біртуар тұлғаларымыздың ізі қалғанын жеткізді.

«Сондай ұлт перзенттерінің бірі әрі бірегейі – академик Қаныш Сәтбаев. Биыл ғалымның туғанына 125 жыл толды. Академик Қаныш Сәтбаев елімізді өркендетуге орасан зор үлес қосты. «Ғалымның хаты өлмейді» деген. Халқымыз әлі күнге дейін оның ашқан жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Қазір – ғылым мен білімнің заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен, осы екі саланы дамытуымыз керек. Бұдан басқа жол жоқ» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев шикізатқа арқа сүйеп отырған ел алысқа бармайтынын атап өтті.

«Бізге ғалымдар, инженерлер, өнертапқыштар қажет. Мамандарымыз әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай білімді,

білікті болуы керек. Бүгінде алпауыт елдердің арасында барлық салада бақталастық өршіп тұр. Біз осы күрделі кезеңде экономиканың жаңа үлгісіне көше бастадық. Әділ, инклюзивті әрі бәсекеге қабілетті экономика құруға кірістік. Ғылым мен инновация оның басты тірегі болуға тиіс. Біз көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр. Мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында бірқатар нақты тапсырма бердім. Барлық мәселе менің тікелей бақылауымда. Қазір «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы Парламентте қаралып жатыр. Кеше Сенат оны бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл – өте маңызды әрі көптен күткен құжат. Ғылымды басқару жүйесін жетілдіру керек. Ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де өте маңызды. Сондықтан заңда ғылыми қауымдастықтың мүддесі барынша ескерілетін болады» деді Президент.

12 УНИВЕРСИТЕТТІҢ ФИЛИАЛЫ БАР

Мемлекет басшысы елімізде ғылымға бөлінетін қаржы ұдайы артып келе жатқанына тоқталды.

«Білікті кадрлар әзірлеуге арналған грант саны соңғы жылдары бір жарым есе көбейді. Қазақстанда әлемнің беделді 12 жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істеп тұр. Көп ұзамай тағы бірнешеуі ашы-



лады. Зерттеу жұмыстарымен айналысатын университеттер көбейде. Технология паркттері және инжиниринг орталықтары ашылып жатыр. Жыл сайын 500 ғалым шетелде тағылымдамадан өтеді. Министрлік жас ғалымдарға мыңдаған грант бөліп жатыр. Мұның бәрі ғылымды дамытуға оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Мен шетелге сапарларым кезінде ғалымдармен жиі кездесемін. Оларды қазақ ғалымдарымен тығыз байланыс орнатуға шақырамын. Өткен аптада сингапурлық ғалымдармен және ондағы жоғары оқу орындарының ректорларымен арнайы жүздестім. Енді Сингапурда ғылыми кадрларымызды оқытатын болдық. Жалпы, Сингапур сияқты экономикасы озық елдерден көп нәрсе үйренуге болады. Озық технологиялар мен идеяларды енгіземіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАСТАР ЖАҢАШЫЛ БОЛУЫ КЕРЕК

Президент өз сөзінде жастардың жасампаз және жаңашыл болуы керектігін қадап айтты. «Кезінде Шоқан, Абай, Әлихан, Ахмет, Қаныш сияқты арыстарымыз зиялылығымен талайды таңғалдырған. Өзге жұрттың қазақ туралы пікірі осындай тұлғаларымыз арқылы қалыптасқан. Қазір де өзінің білімі, өнері арқылы әлемді мойындатып жүрген жастарымыз аз емес. Олар кез келген тілді тез меңгеріп алады. Қандай ортаға да жылдам бейімделеді. Бізді әлем елдері көзі ашық, көкірегі ояу халық ретінде таниды. Білімпаздық, еңбекқорлық, алғырлық пен жасампаздық – қанымызға сіңген қасиет. Осы қасиеттерімізді әрдайым тиімді пайдалана білуіміз керек. Біз қазіргі заманғы технологияны меңгерген жас ғалымдарға зор

үміт артамыз. Жастардың ғылыммен айналысуына барынша жағдай жасап жатырмыз. Биыл Ұлттық ғылым академиясының жанынан Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Бұл кеңес талапты жастардың басын қосып, ғылым жолына жұмылдырады деп сенемін. Шәкәрім «Жас көңілде жарық бар» деп айтқан. Жастарымыз жасампаз және жаңашыл болуы керек» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, жастық шақ – уақытты босқа өткізетін емес, ел үшін табанды қызмет ететін кез. Академик Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы – осының жарқын мысалы. Ғұлама ғалым небәрі 25 жасында «Алгебра» оқулығын жазуға кіріскен. Ал 30 жас шамасында Жезқазғандағы кен орнын ашқан.

«Жас ғалымдарымыз туған еліне пайдасы тиетін жұмыспен айналысқаны жөн. Ұрпақтың білімді, отаншыл, мемлекетшіл

болуы маңызды» деді Қазақстан басшысы.

НАҚТЫ ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛАДЫ

Алдағы екі жылда отандық жас ғалымдардың зерттеу жұмысына 18 млрд теңге бөлінеді. Бұл туралы Президент ғалымдармен кездесуде айтты.

«Біз ғалымдарға жағдай жасау керек деп жиі айтамыз. Бұл құр сөз емес. Мемлекет тарапынан нақты жұмыс жасалып жатыр. Алдағы екі жылда жас ғалымдардың зерттеуіне бөлінетін грант саны тағы да көбейеді. Бюджеттен 18 миллиард теңге бөлінеді. Былтыр 284 жас ғалым баспана алды. Биыл менің тапсырмаммен оларға тағы 200 пайдалануға берілген. Осындай нақты шаралар арқылы еліміздегі ғылымды және жалпы ғалымдар қауымын қолдау жұмысы алдағы уақытта да жалғасын табады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыға жұмыс сапары қала әуежайының жаңа халықаралық терминалын аралап көруден басталды. Мемлекет басшысына терминалдың ашылуы қарсаңында құрылыстың қалай жүргізілгені жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу, шекара және кедендік бақылау аймақтары, жүк бөлімі таныстырылды.

«Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Альп Эр Тунга Эрсой сейсмикалық және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып салынған терминал магнитудасы 10 балға дейінгі жер сілкінісіне төтеп бере алатынын айтты. Ғимараттың жалпы ауданы 53,5 мың шаршы метрді құрайды, жылына 14 миллион жолаушыға қызмет көрсете алады.

Жаңа терминал Орталық Азияда бірінші болып Excellence in Design for Greater Efficiencies (EDGE) бағдарламасы бойынша сертификат алады. Жолаушылар мен авиакомпаниялар санының өсуін ескере отырып, 50 тіркеу бағаны жұмыс істейтін болады. Ол үшін жаңа жабдықтар сатып алынған. Терминалда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толықтай жағдай жасалған.

Бұдан кейін Президент әуежайдың жаңа VIP-терминалын аралап көрді. Мемлекет басшысы қала және ел туралы алғашқы әсер әуежайдан қалыптасатынын атап өтті.

«Алматы халықаралық әуежайы – еліміздегі ең ірі әуе айлағы. Оңтүстік астанамызды тамашалайтын туристер саны жыл сайын артып келеді. Былтыр қалаға 2 миллионнан астам турист келіп-кеткен. Осыдан екі жыл бұрын құрылыс орнына капсула салу рәсіміне қатысып едім. Ал ертең, міне, Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалы алғашқы рейстерге қызмет



көрсетпек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент терминал құрылысын халықаралық стандарттарға сай жүргізгені үшін TAV GROUP компаниясына, сондай-ақ Алматы үшін осындай маңыз-

ды жобаға атсалысқан кредиторлар консорциумы – Еуропалық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына және Еуразиялық даму банкіне алғыс айтты.

КЕЗДЕСУЛЕР КЕСТЕСІН ПЫСЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылап, қарым-қатынастардың стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекеттер басшылары екі ел үкіметтерінің сауда-экономикалық, инвестициялық, өнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салаларда бұған дейін қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру бағытындағы

үйлесімді іс-қимылдарын жоғары бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін пысықтады.

ХОРВАТ ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Хорватия Республикасының Президенті Зоран Милановичті және барша хорват халқын Хорватия Республикасының ұлттық мерекесі – Мемлекеттік күнімен құттықтады.

«Бүгінде Хорватия Еуропа Одағының белсенді мүшесі ретінде өзінің тұрақты даму, халықтың әл-ауқатын жақсарту және халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы ретте мемлекетіңіздің әрі қарай қарыштап дамуына, мерейінің әрқашан үстем болуына тілектеспін. Астана мен

Загреб арасындағы мазмұнды саяси диалог пен дәстүрлі достыққа сүйене отырып, ынтымақтастығымыздың аясы жылдан-жылға кеңейіп жатқанын ризашылықпен атап өтемін» деп жазылған құттықтау жеделхатында.

Мемлекет басшысы Хорватия Президентінің аса жауапты қызметіне толайым табыс, достас хорват халқына құт-береке тіледі.

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ – КӨМЕК

Мемлекет басшысына су тасқыны салдарын жою, қалпына келтіру жұмыстары және зардап шеккен азаматтарды қолдау іс-шараларын жүзеге асыруға бағытталған жоспарлы жұмыстар жөнінде есеп берілді. Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, 30770 отбасыға 100 АЕК көлемінде бір реттік төлем беру үшін 11 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінген.

Зардап шеккен аймақ тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Жалпы, 15103 тұрғын үй тексеріліп, 11186 нысанды бағалау жұмыстары аяқталды. Қазіргі таңда 432 отбасы бұзылған баспаналарының орнына жаңа үйлер мен пәтерлерге ие болды. Атап айтқанда, тұрғындарға Қостанай облысында – 225, Ақмола облысында – 83, Ақтөбе облысында – 76, Солтүстік Қазақстан облысында – 40, Қарағанды облысында – 6, Павлодар облысында 2 баспана берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына зардап шеккен азаматтар үшін 1862 жаңа үй салынып жатқаны туралы мәлімет берілді. Мәселен, Батыс Қазақстан облысында – 394, Қостанай облысында – 184, Атырау облысында – 48, Ақтөбе облысында – 494, Ақмола облысында – 273, Солтүстік Қазақстан облысында – 500, Павлодар облысында 5 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. 2947 отбасыға баспанасын жөндеу және қалпына келтіру үшін өтемақы төленді.

Олжас Бектенов зардап шеккен тұрғындарға аса қажетті

дүние-мүлік сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейін қосымша өтемақы төленіп жатқанын айтты. 4115 отбасы жалпы сомасы 1 миллиард теңге көлемінде өтемақы алған. Сондай-ақ өлген малдың өтеуі үшін мемлекеттен бөлінген қаржылай көмектің көлемі 2,3 миллиард теңгеден асқан.


Бұдан бөлек, тасқыннан зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аймақтық комиссиялар тексеру жұмыс-

тарының нәтижесіне сәйкес шағын және орта бизнес субъектілерінің 12 өтінімін қарастырып, мақұлдады. Оған жалпы сомасы 21 миллион теңге бөлінді. Жалпы, шығынды өтеу және құжаттарды өткізу тәртібін білу үшін 1432 нөмірі бойынша жедел желі жұмыс істеп тұр. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Алдын ала бағалау бойынша су тасқынынан 731 бизнес субъектісі зардап шеккен.



ТҮРКІСТАНҒА ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ

Үкімет Парламентке Түркістан қаласына рухани-мәдени және тарихи орталық ретінде дамыту үшін ерекше мәртебе беру туралы заң жобасын ұсынады. Премьер-министр Олжас Бектенов «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң жобасын Парламент Мәжілісінің қарауына енгізу туралы қаулыға қол қойды. Заң жобасы Мемлекет басшысының Түркістан облысына жұмыс сапары барысында берген тапсырмаларын іске асыру үшін әзірленді.



Құжат Түркістанның Қазақстанның рухани-мәдени және тарихи орталығы ретінде қалыптасуы мен дамуының, сондай-ақ оның мемлекеттік маңызын танудың құқықтық негіздерін белгілейді. Заңның қабылдануы қаланың тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштері мен объектілерін, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бүкіләлемдік мұра объектісі ретіндегі қорғау аумағында орналасқан ескерткіштерді, басқарудың, сақтаудың, олардың тұтастығын қолдаудың оңтайлы жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, кесене аумағында ғылыми археологиялық зерттеулер мен ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жоспарлау мен басқаруға мүмкіндік жасайды.

Сондай-ақ заң жобасы мәдени мұраны сақтау және жаңғырту, дәстүрлі колөнерді дамытуды, Түркістан қаласын рухани-мәдени, тарихи және туристік орталық ретінде дамыту және

ілгерілетуді көздейді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бірегейлігін сақтау, оның айналасында бөтен қалыптасуы мен дамуының, көше желілерін өзгертуге жол бермеу мақсатында тарихи орталықтың құрылысын реттеу аймағында биіктігі 7 метрден асатын, сондай-ақ тарихи ескерткіштермен ауқымы, түсі және құрылыс материалдарымен үйлеспейтін объектілердің құрылысына жол берілмейді.

Жалпы Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және қорғау үшін әрбір объектіге тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамаға сәйкес олардың қорғау аймақтары белгіленеді. Бұдан бөлек, қаланың бас жоспарына енгізілетін тарихи-сәулет тірек жоспарлары мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің тиісті жергілікті жердің карта-схемалары жасалады. Бұл ретте қала аумағында тарихи-мәдени мұра объектілеріне қауіп төндіретін

құрылыс, шаруашылық қызметті жүргізуге тыйым салынады. Археология ескерткіштерінің тұтастығын, түпнұсқалығын, құндылығын болашақ ұрпақ үшін сақтау мақсатында Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерваты құрылады. Археология ескерткіштерінің резерватына енгізілген ескерткіштерге қатысты қорғау саясаты археология ескерткішін тұрақты инспекциялау, оны алдын ала күтім жасау және оны қолдау бағдарламаларын пайдалануға негізделеді.

2021 жылы Түркігүлдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінің қорытындысы бойынша Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани астанасы деп тану туралы шешім қабылданған болатын. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұра тізіміне енген, 1972 жылғы Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес қорғалуға жататын ескерткіш. Республикалық маңызы бар ескерткіштер қатарына ежелгі Түркістан қалашығы, Күлтөбе қалашығы, Қылуат жер асты мешіті, Әулие Күмшық ата жер асты мешіті, Шілдеханна, Тәуке хан кесенесі, Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі, Белгісіз сағана, Цитадель қамал қабырғасы, Шығыс моншасы, Есім хан кесенесі, Цитадель қамал қақпасы, Жұма мешіті, Гаухар ана кесенесі, Әлқожа ата кесенесі, Жәудір ана мешіт-медресесі, Шамет Ишан мешіт-медресесі және тағы басқа да тарихи нысандар кіреді.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ МАНЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев эколог, ECO Network жобасының жетекшісі Евгений Мұхамеджановты қабылдады. Кездесу барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған орта проблемаларын шешу ісіне азаматтарды, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті кеңінен тарту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ECO Network жобасын оң бағалады. Мемлекет басшысы, ең алдымен, адамның мәдениетін, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруды, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды бөлек сұрыптау және қайта өңдеуді көздейтін «Экохаб», «Жасыл кеңсе», «Жасыл мектеп» бағыт-

тары экомәдениетті дәріптеудің тиімді тетігі ретінде жаппай таратуға лайық тәжірибе екенін атап өтті.

Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, қазірдің өзінде ECO Network жобасына Қазақстан бойынша жүздеген компания мен оқу орындары қосылған. Олар бизнес процестеріне сұрыптау және қайта өңдеуді, экономиканы декарбонизациялау үдерісіне елеулі үлес қосып

жатыр. Президент экологтың бастамалары жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиясымен үндес екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың «Жасыл Алматы» жобалық кеңесінің жетекшісі ретінде шаһардың экологиялық мәселелерін шешудің тиімді әрі креативті тәсілдерін жүзеге асыратынына сенім білдірді.

ТЕХНОЛОГИЯ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол құрылысы және жол жабындылары механикасын зерттеуші ғалым, «Жол ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС директоры Бағдат Телтаевты қабылдады. Жүздесуде Алматы қаласындағы және еліміздегі жол инфрақұрылымын дамыту перспективалары, инновациялық технологияларды енгізу және аталған салаға маман даярлау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысына қалалардың қарқынды дамуына байланысты туындаған, көлік инфрақұрылымына айтарлықтай салмақ түсіретін басты проблемалар мен сын-қатерлер туралы мәлімет беріліп, оларды шешу жолдары жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, Бағдат Телтаев жол құрылысына құрамында полимер қосындылары бар асфальтбетон

қолдану тәжірибесінің сәтті өткенін жеткізді. Жүргізілген сынақ нәтижесінде аталған технология жолдың ойылуына және жарықшақтардың пайда болуына, сондай-ақ тағы да басқа климаттық әсерлерге төзімді екені анықталды.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саланы дамытуға қосқан үлесі үшін Бағдат Телтаевқа

ризашылығын білдіріп, жол инфрақұрылымының сапасы мен қауіпсіздігін жақсарту үшін ғылыми зерттеулерді жалғастырудың және жол құрылысына озық технологияларды енгізудің маңызды екеніне назар аударды. Айтылған ұсыныстар негізінде Үкіметке және салалық министрлікке тиісті тапсырмалар беріледі.

МӘЖІЛІС ҚАНДАЙ ЗАҢДАР ҚАБЫЛДАДЫ?

Осы аптада Мәжіліс депутаттары экономикалық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңды Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылдады.

«Қылмыстық кодекстің 219-бабы (кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану) мен 241-бабын (ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу) қылмыстық сипаттан арылту көзделген. 234-бап (экономикалық контрабанда) пен 236-бап (кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеуден жалтару) ішінара қылмыссыздандырылады» деді жұмыс тобының жетекшісі Абзал Құспан.

Сондай-ақ соңғы екі бап бойынша қылмыстық жауапкершіліктің шекті мөлшері ұлғайтылып, санкциялар да қайта қаралған.

Бұдан бөлек, депутаттар «Жылу энергетикасы туралы» заңды ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылдады. Түзетулерде саладағы жүйелік проблемаларды жоюға бағытталған бірқатар кешенді шара көзделген. Жұмыс тобының жетекшісі Еділ Жаңбыршиннің айтуынша, бірінші кезекте жылу-энергетика заң тұрғысынан өз алдына бөлек сала ретінде бекітілді. Заңда жылу-энергетика саласындағы мемлекеттік энергетикалық бақылауды күшейтуге бағытталған норма қарастырылған. Осы мақсатта қашықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, тергеп-тексерулер жүргізіледі. Сондай-ақ органдардың және бақылау субъек-

тісінің (объектісінің) лауазымды адамдарының құқығы мен міндеттері нақтыланады. Энергиямен жабдықтау саласындағы өнімсіз делдалдық проблемаларды жоюға бағытталған бірқатар кешенді шара көзделген. Жұмыс тобының жетекшісі Еділ Жаңбыршиннің айтуынша, бірінші кезекте жылу-энергетика заң тұрғысынан өз алдына бөлек сала ретінде бекітілді. Заңда жылу-энергетика саласындағы мемлекеттік энергетикалық бақылауды күшейтуге бағытталған норма қарастырылған. Осы мақсатта қашықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, тергеп-тексерулер жүргізіледі. Сондай-ақ органдардың және бақылау субъек-

РӘМІЗГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне орай Ұлттық музейде Астана қаласы әкімдігі №73 мектеп-лицейі оқушыларының қатысуымен «Рәмізге құрмет – ұрпаққа міндет» атты танымдық экскурсия өтті.



Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті «Геральдикалық зерттеулер орталығы» РММ ұйымдастырған іс-шараға Мемлекеттік Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов, Парламент Мәжілісінің депутаттары Жанарбек Әшімжанов, Ардақ Назаров және Болат Керімбек арнайы шақырылды. Халық қалаулылары жас ұрпаққа ізгі

тілегін жеткізіп, Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін ұғынып, оған құрметпен қарауға шақырды.

Мектеп оқушылары ел ағаларымен «Дәстүрлі мәдениет» және «Тәуелсіз Қазақстан» залдарына экскурсия жасады. Еліміздің өткені мен бүгінгісінен сыр шертетін тарихи жәдігерлермен танысып шықты. Оқушылардың алған білімін қорытындылау мақсатында кездесу соңында викторина сұрақтары қойылды. Қойылған сауалдарға дұрыс әрі нақты жауап берген шәкірттерге Мемлекеттік ту бейнесіндегі төсбелгілер мен символдық сыйлықтар табысталды. Ал балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында еңбек етіп, іс-шараға қолдау білдірген ұстаздар қауымына орталық басшысы Қалқаман Сариннің атынан алғыс хаттар табысталды.

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Астанада «1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына тағзым» монументалды кешенінің «Қайғы қабырғасына» гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Аталған іс-шараға Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов, қалалық мәслихат депутаттары, «Ауыл», «Аманат» партияларының өкілдері, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары және елорда тұрғындары қатысты.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық құрбанының тікелей ұрпағы, республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Көпболсын Бекмағанбеттің айтуынша, кеңес билігінің солақай саясаты салдарынан қазақ даласында болған зұлмат заманда елімізде

100 мыңнан аса адам нақақтан жазаланып, қуғын-сүргінге ұшырады, соның 25 мыңы атылған екен.

– Бүгін – біздің бүкіл халқымызға айтулы қаралы күн. Оның ішінде мен де репрессияға ұшырағаным туған жиенім. Өзім осы мәселеге көп көңіл бөліп, архивті біраз ақтардым. Оққа ұшқандардың дені қазақтың бетке ұстар, көш бастаушы, ағартушы, ұлттың көсемі болуға

лайықты Алаш ардақтылары еді. Бұл бір сұмдық, жантүршігерлік кезең болды. Жас ұрпақ тарихымызды, өткенімізді білуі, аталарымызбен мақтануы керек, – деді Көпболсын Бекмағанбет.

Жыл сайын мамырдың соңғы күні ашаршылық жылдарында құрбан болғандарға тағзым етіп, гүл шоғын қоюға партия өкілдері де қатысады.

– Ашаршылықта құрбан болған миллиондардың рухына бүгінгі буын атынан тағзым еттік. Біздің міндетіміз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасы мен оның жазықсыз құрбаны болған Алаштың ардақты ұлдарының қазақ тарихында атқарған игі ісін мәңгі есте сақтау. Келер ұрпақ ата-бабаларының қандай қасиеттерді бастан өткергенін біліп жүруі қажет, – деді «Ауыл» партиясы қалалық филиалының төрағасы Мейрамбай Оралов.

Іс-шараға қатысушылар гүл шоқтарын қойып, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық кезінде қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

ҚОҚЫСТЫ КОФЕГЕ АЙЫРБАСТАЙДЫ

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясы жалғасып жатыр. Сарыарқа ауданының әкімдігі «Бөтелкелерді жинап, кофе ал» атты ерекше акцияны бастады.

Сарыарқа ауданы әкімінің аппараты бөлім басшысының міндетін атқарушы Дамир Хисматуллиннің айтуынша, акция қоқысты бөлек жинау және бөтелкелерді одан әрі өңдеу процесіне мүмкіндігінше көп адамды жұмылдыру үшін өтеді.

«Бөтелкелерді жинап, кофе ал» акциясының басты мақсаты – пластмасса, қалайы және шыны бұйымдарды қайта өңдеу мәселесін насихаттау үшін, сондай-ақ халықты бөтелкелерді

бөлек жинау және одан әрі қайта өңдеу процесіне қатысуға қызықтыру. Акция аясында пластмасса, қалайы және шыны бөтелкелер қабылданады. Кофеге айырбастау үшін сізге 50 пластик, 30 қалайы немесе 15 шыны бөтелке қажет. Кофеге айырбастау – бұл адамдарды қызықтыру үшін символдық ынталандыру» деді ол.

Бөтелкелерді тапсырғаннан кейін оларға сусын алуға болатын жерге сертификат беріледі.

Айта кету керек, ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нәсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау, сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды тазарту, рұқсат етілмеген полигондарды жою жұмысы жүргізіліп жатыр.

ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елордада әскерге баратындарды медициналық тексеру үрдісін цифрлық форматқа көшіру бойынша қанатқақты жоба іске қосылды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Жобаны цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы елордалық мәслихаттың қолдауымен іске асыруда. Бастама әскери-дәрігерлік комиссия жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Мамандардың айтуынша, медициналық тексерулер тезірек және ыңғайлы болады. Дәрігерлер электронды медициналық жазбалардың нәтижесінде әскерге баратындардың денсаулығына қатысты мәселелерді дәлірек анықтай алады. Сондай-ақ бұл мамандар мен медициналық комиссия арасында



ақпарат алмасуды, әскерге шақырылушылардың жағдайын диагностикалау және бағалау процесін жеделдетеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



ЖАСТАР АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакция аясында Қазақстан халқы ассамблеясы жастар қанатының өкілдері 100-ге жуық шаған мен қарағай көшеттерін отырғызды.



«Бұл акцияға әрбір азамат, қаланың әрбір тұрғыны қатысуы тиіс деп санаймын. Өйткені қалаға жасыл желектер қажет, жалпы қала тіршілігіне қамқорлықпен қарау керек. Біз өз қатысушыларымызды ұсындық» деді ҚХА жастар қозғалысының қатысушысы Елена Пескорская.

«Бұл қаланың жағдайына өте жақсы әсер етеді, сонымен

қатар команданы біріктіреді. Біз бала кезімізден қаланың жай-күйіне қамқорлық жасаймыз, тазалықты сақтаймыз» деді экоакцияға қатысушы Елизавета Огай.

Белсенділер әр тұрғын экология мен қоршаған ортаны жақсарту туралы ойланып, экоакцияға қатысуы керек деп санайды.

«Менің ойымша, бұл акция

жастарды өздерінен кейінгілерге үлгі етіп көрсетеді. Әркім ағаш отырғызудан бастауы керек деп санаймын. Мұндай қадамды біртіндеп ауқымды жаһандық мәселелерге бұру керек» деді акцияның тағы бір қатысушысы Алина Нұрғалиева.

Жыл соңына дейін Астанада 1 миллионнан астам көшет отырғызу жоспарланған.

ЕУРОПА КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

Бүгін елордадағы Ғашықтар саябағында Еуропа күніне арналған фестиваль өтеді. Оның аясында Еуропа мәдениеті таныстырылып, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық тағамдары мен бірегей қолөнері көрсетілетін жәрмеңке ұйымдастырылады.

Сондай-ақ ЕО жобалары, Еуропалық Одақ қаржыландыратын түрлі жобаны көрсететін стендтер қойылып, олардың Қазақстан мен Орталық Азияға тигізген оң әсері туралы мәлімет

беріледі. Испан фламенко-сы, француз әндері, биден шеберлік сабақтары мен флешмобтар өткізу жоспарланған.

«Euro Fest-2024 – еуропалық халықтар арасындағы

бірлік пен достықты атап өтуге мүмкіндік беретін шара. Фестиваль елорда тұрғындары мен қонақтары үшін көңілді, танысу және мәдени алмасу күні болмақ» дейді ұйымдастырушылар.



БАЛАЛАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Астанада Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балаларды қорғау – ел болашағын қорғау» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шара Астана қаласы Дін істері басқармасының бастамасымен ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – балаларды тәрбиелеуге қатысты жиі кездесетін жағдайлар мен проблемаларды талдау және талқылау, балалар арасындағы қорқыту құбылысы, лудомания, отбасы институты және т. б., сондай-ақ діни бірлестіктердің балалардың құқығын қорғаудағы, қолдаудағы ықпалы мен маңызын қарастыру.

«Интернет тек білім көзі ғана емес, оның жекелеген бөлігі өскелең ұрпаққа қауіп төндіреді. Лудоманияның,

нашақорлықтың, деструктивті діни ағымдардың таралуы үдеп тұр. Министрлік ақпаратты реттеуші ретінде мұндай мазмұндарды жоюды және бұғаттауды жүзеге асырады. Жастар келіп түсетін нақты қауіп-қатерді түсініп, бағалауы керек. Қоғам министрліктер, басқармалар, діни бірлестіктер атынан өскелең ұрпақтың осындай сын-қатерге «иммунитет» болуы үшін барлық шараны қабылдауы тиіс» деп атап өтті ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігі Дін істері комитеті төрағасының орынбасары Әнуар Хатиев.

Сондай-ақ дін істері, балаларды қорғау комитеттерінің өкілдері мен діни институттардың өкілдері өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы өз пікірмен бөлісті, өткір мәселелер мен оларды шешудің жолын талқылады. Іс-шара соңында дөңгелек үстелге қатысушылар балалар үйінің тәрбиеленушілеріне сыйлықтар беріп, шағын мереке ұйымдастырды.

АСЫҚ АТУ – КӨШПЕНДІЛЕР САЙЫСЫ

Елордада асық ату спортынан 2014-2016 жылы дүниеге келген жеткіншектер арасында кезекті Қазақстан чемпионаты басталды.

Оған еліміздің 16 өңірінен, атап айтқанда, Алматы, Абай, Ақмола, Атырау, БҚО, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, СҚО, Түркістан, Ұлытау облыстарынан және Астана мен Алматы қалаларынан келген 124 асықшы сынға түсіп жатыр.

«Бабадан мирас болған ұлттық ойынымызды спорт ретінде қалыптастырамыз. Қазақта «асық ойнаған азар» деген сөзді «асық ойнаған озар»

деп өзгертудеміз. Себебі жас бала компьютер, смартфонға телміргенше, асық атумен айналысса деймін. Бұл – біздің үшінші ресми жарысымыз. Өткен жылмен салыстырсақ, Абай, Ақмола облысынан келген командалар бірінші рет қатысып жатыр» дейді жарыс ұйымдастырушысы Жомарт Сабыржанов.

Қыркүйек айында елорда төрінде алғаш рет өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында асық ату, бес асық

және қырғыздардың «ордо» атты сайыс түрлерінен жүлде сарапқа салынады.

«Қазір елімізде 90 мыңнан астам жасөспірім асық атумен айналысады, 1119 бапкер бар. Мына жарысымызда ұлдар асық атудан сынға түссе, қыздарымыз бес асықтан мықтыны анықтайды. Бұған дейін 10 атқанда нысанаға тигізетін жеткіншектеріміздің көрсеткіші уақыт сайын жақсарып келеді» деп Жомарт Сабыржанов сөзін түйіндеді.



МҰРАЖАЙҒА КІРУ ТЕГІН

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде 16 жасқа дейінгі балаларға «Болашақ энергиясы» мұражайына кіру тегін болады. Экспонаттар, интерактивті қондырғылар, виртуалды шындық аймағы және басқа да контент түрлері балалар мерекесін «жасыл технологиялар» әлеміне, танымдық саяхатқа айналдырады.

Бұл күні мұражайда «Көркем-ай», «Тұмар», «Бастау» хореография ансамбльдері, сондай-ақ Ақмарал Дәулет пен Гүлназ Ермекова сияқты жас өнерпаздардың қатысуымен «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік концерт өтеді. Концерттің басталуы сағат 12:00 мен 15:00-ге жоспарланған. Іс-шара «Salem, alem» телеарнасында көрсетілетін. Мұражайдың 1-қабатында этнограф-топтамашы Бахаргүл Төлегеннің «Жауһар жәдігер» көрмесі тұрақты негізде өтіп жатыр, онда бірнеше ғасырлық тарихы бар үлкен мәдени құндылықты бейнелейтін бұйымдар ұсынылған. Мұражайдың жұмыс кестесі сейсенбіден жұмаға

дейін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, сенбі, жексенбі және мереке күндері сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін, дүйсенбі – техникалық күн.

Сондай-ақ 1 маусымда ЕХРО кешенінің аумағында рождердром алаңының ашылуы өтеді. Мереке күні 14 жасқа дейінгі балалар роликті тегін тебе алады. Рождердромның жұмыс уақыты жұмыс күндері сағат 14:00-ден 23:00-ге дейін, ал демалыс күндері сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін. Бұдан бөлек, бұл күні жасөспірімдер мен ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін бейімделген бірегей ойын алаңы орналасқан саябақ аймағында серуендеуге де болады.

ТӘТТІЛЕР МЕН ОЙЫНШЫҚТАР ТАРАТЫЛДЫ

Мереке қарсаңында астаналықтарға кәмпиттер мен ойыншықтар таратылды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен қолға алынған іс-шара қаланың Арбат аумағында ұйымдастырылды. 15 волонтер мамырдың соңғы күні астаналықтарға қуаныш сыйлады.

– «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері елорда тұрғындары мен қонақтарына Арбатта Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мерекелік тәттілер мен ойыншықтар таратты. Іс-шараның соңына дейін тұрғындарға жоспарланған 30 келі кәмпит үлестірілді, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы волонтерлер қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Эльвира Есмұханова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мереке аясында елорданың аула клубтарында түрлі іс-шара, шеберлік сыныптары, концерт ұйымдастырылмақ.



ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

Бас қалада «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Нұра ауданы әкімі аппаратының, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының, «Теннис федерациясы» астаналық филиалының және Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжінің қолдауымен өткен «Бақытты бала» іс-шарасы көптеген баланың көңіл күйін көтерді.

Мерекелік іс-шараға «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының тәрбиесіндегі балалар мен олардың ата-анасы қатысты. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін шеберлік сабақтары, арбамен жүретін балалар марафоны, теннис және басқа да спорт түрлері бойынша сайыстар өтті. Сондай-ақ мерекелік концерт ұйымдастырылды. Іс-шараны ұйымдастырушы «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының жетекшісі Ботагөз Сұлтанова мерекеге

қатысушы балалар мен ата-аналарды мерекемен құттықтап, балдырғандардың дамуына, көңіл күйін көтеру үшін бар жағдайды жасайтынын айтты. Ең бастысы, «Бақытты бала» іс-шарасына қатысқан балалар өздерін бақытты сезініп, қызық-қуанышқа кенелді.

Аделя САПАРБЕК,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті



МАМАНДАР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мәслихаттың мәжіліс залында өткен Қоғамдық кеңес отырысында қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ елордадағы тәрбиешілер мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесі туралы баяндады. Бүгінде елордада 365554 баланы қамтып отырған 780 білім беру ұйымы, оның ішінде 546 балабақша, 175 мектеп, 32 колледж, 13 қосымша білім беру ұйымы және 16 арнайы білім беру ұйымы бар екенін айта келе, басқарма басшысы олардың жұмысына жеке-жеке тоқталды.



ЖЫЛ САЙЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛАМЫЗДА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАРАЙ 4 МЫҢ ПЕДАГОГҚА ҚАЖЕТТІЛІК ТУЫНДАЙДЫ

пәндерінің оқулығы электрондық-цифрлық форматқа көшті. Елорда мектептері 100 пайыз электрондық оқулықтармен қамтамасыз етіліп, оны 214 мың оқушы қолдануда.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Елордадағы барлық білім ошағына «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама аясында «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өркен», «Оқуға құштар өке, ана, бала, ұстаз» жобалары іске асуда. Бала тәрбиесіндегі отбасы институты ролін нығайтуда, «Ата-аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі»,

қамтамасыз ету мақсатында 938 орынға арналған «Студенттер үйі» салынууда. Сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында мамандарға қажеттіліктің өңірлік картасы – жаңа кәсіптерінің атласы әзірленді.

– Бүгінде «жылжымайтын мүлікті басқару», «хаус-мастер», «ландшафты дизайн», «бақ-саябақ шаруашылығы», «гүл өсіруші – флорист» жаңа мамандықтарына лицензия алынды. «Гидрогеология» мамандығының «техник-гидрогеолог» біліктілігіне, «логопедия» мамандықтарына лицензия алу жоспарлануда. Осы жылы қала кәсіпорындарымен, сондай-ақ өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп дуальды оқыту бойынша жұмыс жүргізілді. Дуальды оқыту жүйесіне 369 кәсіпорынның қатысуымен 65 мамандық бойынша 25 колледжден 6215 студент тартылды. Бұл қала бойынша студенттердің 18 пайызын құрайды. Өткен жылы елордалық 3 колледжде алғаш рет 10-11-сынып оқушылары (170 оқушы) үшін жұмысшы мамандықтары бойынша эксперименттік білім беру бағдарламасы енді. Қанатқақты жоба бойынша 1,5 жылдан кейін оқушылар орта білім туралы аттестатпен қоса тігінші, аспаз, автогаз дәнекерлеуші мамандығы арқылы диплом алып шығады, – деді Қ.Сенғазыев.

Колледждер жұмыс берушілермен бірлесе отырып, кәсіптік стандарт негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейтін академиялық дербестікке ие болды. Қазіргі кезде 628 білім беру бағдарламасы әзірленді. Студенттерді тиімді жұмысқа орналастыру мақсатында ірі кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығы бойынша жұмыс іске асуда.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

Қаламызда 32 техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында 35923 студент білім алууда. 2025 жылға қарай 100 пайыз жастар тегін техникалық және кәсіби білім берумен қамтылады. Шет жерден келген студенттерді орын-жаймен

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары өткен жылмен салыстырғанда 21 балабақшаға көбейді, бүгінде елордада 69953 баланы қамтитын 546 балабақша жұмыс істейді. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту мақсатында 2023 жылы 10214 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Осы жылы тағы 10317 орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылады. Сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығын жою мақсатында алдағы жылдары 60 балабақша салу жоспарлануда.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мақсатында өткен жылы 4 балабақшада эмоция-ерік жағынан және мінез-құлқында (аутизм) ауытқуы бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Бүгінде 12 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инклюзияны қолдау кабинеттері ашылып, жұмыс жүргізілуде. Ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 20 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инклюзияны қолдау кабинеттері ашылады.

– Балабақшалардағы тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылып келеді. 2023 жылы 360 педагог қайта даярлау курсынан және 1062 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтті. Осы жылы тағы 650-ден аса педагог біліктілігін арттыру курсынан өтеді. Алдағы екі жылда бейінді білімі бар тәрбиешілердің үлесін 100 пайызға жеткіземіз, – деді Қ.Сенғазыев.

ОРТА БІЛІМ САПАСЫ

Үш ауысымды және шамадан тыс мектептердің мәселесін шешу үшін өткен жылы 12 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Осы жылы 32 мектептің құрылысы жүрде, оның 12-сі жаңа оқу жылына қарай, қалған 11-і осы жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. 2025

жылы жалпы саны 25 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Аталған мектептердің құрылысы, қаламыздағы үш ауысымды 8 мектептің, бала саны шамадан тыс 18 мектептің мәселесі толық шешіледі.

– Жыл сайын мектеп оқушылары санының өсуіне байланысты қаламызда 2026-2027 оқу жылына қарай 4 мың педагогқа қажеттілік туындайды. Кадр тапшылығын шешу мақсатында жыл сайын жергілікті бюджет есебінен педагогика мамандықтарына 1000 орынға мемлекеттік тапсырыс беріледі. Сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мемлекеттік қызмет көрсету шеңберін кеңейтеміз, – деді басқарма басшысы.

Балаларды жайлы және қауіпсіз ортамен қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру ұйымдары 100 пайыз цифрлы бейнебақылау камерасымен, турнирмен, дабыл түймесімен және жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етілген. Биылғы оқу жылында балаларды сапалы тамақтандыру үшін төрт аптаның аз мазірі әзірленіп, 98 мектепте 96531 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Осы оқу жылының III тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы 56,69 пайызды құрады, бұл алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 2 пайызға жуық өсу серпінін көрсетті. Оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған бірнеше жоба іске асуда: Pasch (неміс тілі), Global scholars (ағылшын тілі), Cisco (информатика).

– Педагогтардың біліктілігі білім сапасына тікелей байланысты болғандықтан, олардың кәсіби өсуі де маңызды. 2023 жылы 5527 педагог пен 42 мектеп директоры біліктілікті арттыру курсынан өтті. Осы жылы 6 мыңнан аса педагог біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Сонымен қатар өткен жылы 46 мектепке 107 пәндік кабинет сатып алынып, 95 пәндік кабинеттерін жаңа пәндік кабинетпен жабдықталды. Ағымдағы жылдың соңына дейін 67 мектепке 85 пәндік кабинет сатып алу арқылы мектептер 100 пайыз пәндік кабинетпен қамтамасыз етіледі, – деді Қ.Сенғазыев.

Алғаш рет 1-2-сыныптар үшін «Цифрлық сауаттылық», «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу»



ЖАС ПЕДАГОГТАРҒА АРНАЛДЫ

Астанадағы №43 қосымша білім беру мектеп-орталығында жас педагогтар слеті өтті. Оған 100-ге жуық жас маман қатысты. Елорданың тәжірибелі педагогтары жас әріптестеріне білім беру тренингін өткізіп, TEDx жобасын таныстырды және ұлттық спорт ойындарын көрсетті.

– Жас мамандар таңдаған мамандығының өзіне сәйкес келетін-келмейтіні туралы жұмыстың алғашқы үш жылында жиі ойлануы мүмкін. Алайда ұстаздық қызмет – қиын да қызықты, ауыр да абыройлы мамандық. Бұл ретте бастысы – шаршамау. Болашақта біріңіз мектеп директоры, Білім басқармасының басшысы мен министр және мықты мұғалім боларсыздар. Сіздермен бірге қаламыз да қарқынды дамып, елордамыз да жаңа мектептер салынууда. Бүгінде Астанада 263 мың

оқушы болса, 2030 жылға қарай олардың қатары 382 мыңға жетеді деп жоспарлануда. Осы 5 жыл ішінде 120 мың бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды, демек сіздердің жұмысыңыз қашанда сұранысқа ие болады, – деді Қасымхан Сенғазыев.

Одан әрі басқарма басшысы бүгінде елордада бір уақытта 34 мектеп салынып жатқанын жеткізді. Бұл мектептер 4 мың мұғалімді қажет етеді.

Іс-шара барысында жас мұғалімдер бір-бірімен жақынырақ танысып, тәжірибе

алмасты. Секциялар аясында ұйымдастырылған тренингтер мен коучингтерде қатысушылар оқыту әдісінің алуан түріне көз жеткізіп, шеберлігімен бөлісті. Қатысушылардың айтуынша, TEDx форматындағы білім беру тренингі оларға өзекті тақырыптарға енуге, тәжірибе алмасуға, жаңа әдістермен игеруге және сыныпта жұмыс істеу үшін практикалық құралдарды алуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ іс-шара аясында ұлттық спорт ойындары мен эстафеталар өтті.



«ORDA AUTISM»: ҮМІТ ПЕН ТІРЕК

Елімізде аутизмге шалдығатын балалардың көбеюі осы бағытта оңалту орталықтарының санын да арттыруды қажет етуде. Осыған орай Астанада мемлекеттік тапсырыспен ерекше балаларға тегін қызмет көрсететін «Orda Autism» түзету орталығының төртінші филиалы ашылды. Оның ашылуына Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, Астана қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб қатысып, жаңа ұжым жұмысына сәттілік тіледі.



Сұлтан СЕЙІТ



қорғау басқармасына 7 жыл бойына серіктес болып келе жатқаны үшін алғыс білдірді.

– Аутизм – өмір бойына адам бойында қалатын нейробиологиялық ауытқушылық. Бұл ұлттың, әлеуметтік тобына қарамай кездесетін ауытқушылық қыз балаларға қарағанда ұлдарда 4 есе көп кездеседі. Аутизм адамның өзгелермен дұрыс қарым-қатынас құруына кедергі келтіреді. Әлемде бұл ауытқушылық 67 млн адамда бар екені анықталған, әрбір төртінші бала аутизм ауытқушылығымен туылады. Әдетте аутизм белгілері 3 жасында нақты белгілі болады, оған дейін түрлі деңгейде көрініс табады. Дәл қазіргі уақытта осындай балаларды кәсіби тұрғыда түзету жұмыстары еліміз үшін өте өзекті және

маңызды болып отыр, – дейді өзі де ерекше бала тәрбиелеп отырған бірлестік басшысы С.Есмағамбетова.

Бұл қиындыққа өзі тікелей ұшыраған Салтанат баласы үшін дефектолог, психолог мамандықтарын оқып, осы салада орталық ашуға бел бұған екені анықталған, әрбір төртінші бала аутизм ауытқушылығымен туылады. Әдетте аутизм белгілері 3 жасында нақты белгілі болады, оған дейін түрлі деңгейде көрініс табады. Дәл қазіргі уақытта осындай балаларды кәсіби тұрғыда түзету жұмыстары еліміз үшін өте өзекті және

логопедтер, дефектологтар, психологтар, бейімдеу дене тәрбиесі бойынша нұсқаушылар, музыка терапия мамандары және тағы басқа сала қызметкерлері жұмыс істейді. Балалардың үйіне барып, әлеуметтік қызмет көрсететін мамандар да бар.

– Балаларды оңалту мен түзетуде сапалы қызмет көрсету үшін оларды әлеуметтендірудің маңызы зор. Себебі бұл балаларға қарым-қатынас жетіспейді. Біз сол себепті батыстық әдіс бойынша жұмыс істеуді, яғни әр топқа балаларды аз-аздан, олардың машықтарына, жасына және қажеттілігіне қарай

жинақтауды көздеп отырмыз. Менің қызым қазір 18 жаста, жағдайы өте жақсы, үздіксіз оқалту және түзету жұмыстары өз нәтижесін беретінін жеке тәжірибем арқылы айтқым келеді, ата-аналарға ешқашан күдер үзуге болмайды. Осы орайда біз сондай балалардың ата-аналарын жұмысқа алып, оларды арнайы оқытамыз, – дейді бірлестік төрағасы.

Оның айтуынша, олар Астанадағы аутизмді бар балалардың шамамен 25 пайызын қамтып отыр.

– Әлемде бұл ауытқушылықтың нақты себептері анықталмаған. Дегенмен соған апаратын жайттар туралы айтсам, біріншіден генетикалық фактор, экология және әйелдердің балаға жүкті кезіндегі денсаулығында болған қиындықтар мен ауыр жағдайда босануы сынды жағдайлар әсер етуі мүмкін, – дейді С.Есмағамбетова.

Келген қонақтар орталықтың лентасын қиған соң, олар ғимарат ішін аралап көрді. Салтанатты ашылу рәсімінен соң басқарма басшылары қолдау білдіргені және демеуші кәсіпкерлер ғимаратты безендіруге, жабдықтауға көмектескені үшін Алғыс хатпен марапатталды. Орталықтың бұған дейінгі үш филиалы: Тұран даңғылы, 9, Б.Майлин көшесі, 21 және Ә.Бөкейхан көшесі, 25В мекенжайы бойынша және жаңадан ашылған филиалы Кенесары көшесі, 80 ғимаратында орналасқан.

Орталықты 2016 жылдан бері жұмыс істейтін Астана қалалық «Orda» аутизмі бар балалар ата-аналарының қоғамдық бірлестігі ашып отыр. Бұған дейін олар ашқан 3 орталық жылына 500-ден астам баланы түзету және оңалтумен айналысатын. Мұнда ғылыми дәлелденген, ең тиімді, заманауи әдістемелер қолданылады және арнайы дайындықтан өткен мамандар жұмыс істейді. Ерекше балғындардың ата-аналарына да психологиялық қолдау көрсетіледі.

– Мемлекет басшысы мұгедектігі бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту бойынша заманауи әдістер мен тәсілдерді енгізуге, ұлт саулығына ерекше көңіл бөледі. Осы ретте орталық жұмысының мақсаты – аутизм бойынша белгілері бар ересек балаларды компьютерлік сауаттылыққа үйрету, аспаздыққа

баулу, тігін, егіншілік, қолөнерді меңгерту және басқа да жұмыстар бойынша кәсіби бағдарлау. Олардың дене тәрбиесі үшін орталықта фитнес зал мен үстел теннисі де ашылған. Осымен сегізінші жыл қатарынан жұмыс істеп келе жатқан біздің орталықтар аталған бағыттарда әлеуметтік қызметтерді 1,5-18 жас аралығындағы аутизмі бар балаларға тегін көрсететін жалғыз мекеме, – дейді Астана қаласы «Orda» аутизмі бар балалар ата-аналарының қоғамдық бірлестігі төрағасы Салтанат Есмағамбетова.

Жаңа ғимаратта аутизмге шалдыққан балаларды оңалту мен түзетудің тың форматтары енгізілген, мекеме жұмысы осы ретте заманауи машықтар мен әлеуметтендіруге қол жеткізуге бағытталған. Оның ашылуы үшін қаншама ресурс пен күш салынды. Осыған орай орталық басшысы Астана қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік



Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

«АНА ЖҮРЕГІ» – ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР МЕРЕКЕСІ

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Астанадағы №6 қалалық емхана ерекше балаларға арналған «Ана жүрегі» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Жиынға Аманат партиясының қалалық филиалы өкілдері келіп, акцияның өтуіне қолдау білдірді. Жиын мақсаты – мереке қарсаңында осы санатқа жататын қала тұрғындарының психологиялық көңіл-күйін жақсарту. Акция барысында ерекше балалар бағып отырған аналарға тегін медициналық тексеруден өту мүмкіндігі де берілді.

Іс-шараға аталған емханаға тіркелмеген болса да жалпы қаладағы 60-тан астам ерекше балалар мен олардың ата-аналары келіп қатысты. Талантты өнерпаз жастардың концерттік бағдарламасымен қатар балаларды оңалту бойынша сабақтар, ерекше балалардың аналарын гинеколог, невропатолог, кардиолог, терапевт, эндокринолог, офтальмолог, отоларинголог, маммолог, хирург, тіс және УЗИ, ЭКГ бойынша тексеру жұмыстары өткізілді.

– Жалпы біздің емханада 33 мыңнан астам бала тіркеуде тұр. Солардың ішінде 600-ден астамы – осындай дерті немесе ауытқушылықтары, психологиялық аурулары бар ерекше балалар. Олардың бәрін тіркейміз, керек кезінде скринингтен өтеді, ай сайын кейбірі салалық дәрігерлерге қаралып тұрады, ауру жағдайына қарай кейбір балалар 6 ай сайын шақырылып отырады, бірқатары одан да жиі қаралады. Оларды өзімізде оңалтатын арнайы кабинеттерден бөлек, Ұлттық оңалту орталығына да жолдамамен жіберіп отырамыз, сол үшін арнайы квота түсіп тұрады, – дейді педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі Айгүл Әбішева.



– Мұндай балалардың, әсіресе мүгедектер арбасындағы балалардың аналары таңертеңнен кешке дейін бала қарап, үйде отырады, ешқайда шыға алмайды. Тіпті көбі өз денсаулығына да қарауға уақыт таппайды. Балалары өскен сайын

уақытын соған көбірек арнайды. Бүгінгі іс-шараны сондай ата-аналар үшін дайындадық, олардың балаларына арнап концерт қоя отырып, аналарын тексеруден өткіздік, – дейді емхана директоры Динара Байсеркина.

Астанадағы №10 қалалық емхана базасында республикалық бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы ашылды. Бұл орталық Денсаулық сақтау министрлігі ұсынатын озық тәжірибелерді талдау және сынақтық жоба ретінде енгізу алаңы болмақ.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛДЫ

Қазіргі таңда БМСК бойынша «адамға бағдарлану тәсілі» озық тәжірибе жобалары енгізілуде. Аталған орталықтың негізгі міндетінің бірі – түрлі кезеңдегі ауруларды емдеу мен алдын алуға, науқастардың денсаулығын нығайтуға бағытталған превентивті медицинаны дамыту және кеңінен насихаттау. Жаңа орталықта мультидисциплинарлық команда жасақталған, оның құрамында отбасылық дәрігерлер, өз бетінше қабылдайтын медбикелер, партронажды медбикелер, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар бар. Олар әрбір науқас денсаулығына мейлінше кешенді және тұтастай қарай отырып, қызмет етуге атсалысады.

Құзырлы министрлік қолдауымен орталықта науқастар мен медицина мамандарын қазіргі ахуалды жақсартуға белсенді түрде тартуға күш салынады. Ол өз кезегінде анағұрлым айқын, тиімді және сапалы денсаулық сақтау жүйесін құру жолындағы негізгі кезең болады.

№95 (4653) 01/06/2024 Сенбі

Іс-шараға қатысушылар 1920-1930 жылдардағы зұлмат заман қасіретін айғақтайтын архив құжаттарының көрмесімен танысты.

Сонымен қатар, Астана қаласы мемлекеттік архивінің кітапхана қорына түскен, 2023 жылы жарық көрген «Саяси қуғын-сүргін қурбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары)» көптомдығының 34-52 томдарының таныстырылымы болды. Бұл жинақтың 48 томы Астана қаласы мемлекеттік архивінің құжаттары бойынша дайындалған.

Алғашқы сөз кезегін алған Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Астана қаласындағы филиалының директоры, PhD докторы Махаббат Қозыбаева 2020 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен құрылған Саяси қуғын-сүргін қурбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесінің 2021-2023 жылдардағы атқарған жұмысы туралы жан-жақты баяндап өтті. Жобалық кеңсе жетекшісі, «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының президенті Сабыр Қасымовтың жетекшілігімен өңірлік комиссиялар құру, олардың жұмыс топтарымен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру тәжірибесіне тоқталды.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің аймақтану кафедрасының профессоры Құрманғали Ғазезулының 1920-1930-шы жылдардағы қазақ ауылының ахуалы, сол жылдардағы

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Астана қаласы мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен саяси қуғын-сүргін қурбандарын еске алу күніне арналған «Зұлмат жылдар ұмытылмайды» атты дөңгелек үстел өтті. Аталмыш іс-шараға тарихшы ғалымдар, Астана халықаралық университетінің тарих факультетінің студенттері, архив қызметкерлері қатысты.



ашаршылықтың себебі туралы шетелдік ғалымдардың пікірі және қазақ зиялыларының тағдыры туралы баяндамасы қызығушылық тудырды.

Тарихшы ғалым қазақ жерінде аштықтың тууына, халықтың тоз-тоз болып, босып кетуіне ег және астық дайындау нақанымен қатар бірнеше субъективті факторлар,

1925-1933 жылдары Қазақстанда қызмет істеген Голощекиннің саясаты, Голощекинмен бірге билікте болған қазақ большевиктері, ұлт мүддесін ойлайтын қазақ зиялы-

ларының қуғын-сүргінге ұшырауы әсер еткенін атап өтті.

Президенттің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 қаулысымен құрылған Саяси қуғын-сүргін қурбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия және осы комиссия аясында құрылған өңірлік комиссиялар кешенді зерттеулер жүргізіп, өзекті мәселенің қайта көтерілуіне ықпал еткенін, қазақ жеріндегі аштықты шынайы бағалау, таразылау маңыздылығына назар аударды.

Астана халықаралық университетінің педагогика кафедрасының профессоры Қанат Әскембаев:

«Өткен ғасырдың 20-жылдары басталған «Қызыл қудалау» науқаны 1950-ші жылдардың басына дейін жалғасты. Кеңес үкіметінің жүгенсіздігі миллиондаған адамдардың жанын қиды, көз жасын төккізіп, қасірет шеккізді. Аштық – қазақтың тең жартысын жалмаған ұлттың ұлы қасіреті. XX ғ. болған ашаршылықтарға жеке-жеке тоқталып өтсек, олар: бірінші, 1918-1919 жылдары, қазақ ауылы ақ пен қызылдардың тонауына ұшырап, салдарынан 1 млн 214 мың қазақ аштан қырылуы; екіншіден, Азамат соғысы және одан кейінгі 1920-1922 жылдары шыққан «азық-түлік салғырты (продразверстка) кезіндегі аштықтан, аштықпен күрес комиссиясын басқарған Мұхтар Әуезов баяндамасы бойынша, 1922 жылы аяғында 1 млн 700 мың қазақ қырылған; ең соңында, үшіншіден, Қазақстанда сол 1931-1933 жылдардағы аштықтан 2 млн 300 мың қазақ, 200 мың орыс шаруасы қырылды.

1897 жылы Ресей империясы тұңғыш халық санағын өткізді.

Осы санақ қорытындысы бойынша қырғыздар – 200 мың, тәжіктер – 350 мың, түрікпендер – 280 мың, өзбектер – 726 мың, сарттар – 968 мың, қарақалпақтар – 104 мың, қазақтар 4 млн 84 мың адам деп көрсетілді. Осында көрсетілген Орталық Азия халықтары, яғни біздің көршілеріміз, арадан 120 жыл өткенде өз табиғи өсімімен, бүгіндері, бірі 26 есе, бірі 28 есе, бірі 30 есе көбейітті» деп фактілерді алға тарта отырып, ұлттың келбетін түбегейлі өзгертен тарихи кезеңді әлі де тереңрек зерттеу қажеттігіне назар аударды.

Бұдан кейін тарих ғылымдарының кандидаты, алаштанушы, Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері Дәметкен Сүлейменова, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры Саят Есқалиев, ҚР Ұлттық Қорғаныс университетінің аға оқытушысы, философия (PhD) ғылымының докторы, полковник Ербол Спатаев тақырып төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Архив ісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жангүл Құдабайқызы қазақ еліне орны толмас шығындар әкелген өткен ғасырдың қаралы беттерін зерттеу, зерделеу ісіндегі архивтердің орны туралы сөз қозғады.

Саяси қуғын-сүргін қурбандарын еске алу, ұлттық жадыны жаңғырту және тарихи тәжірибені болашақ ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен іс-шараға астаналық студенттер қатысты.

Ғазиза ИСАХАН

ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР


Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұнжырайды көлдер.

25 000 мыңы атылып, 100 000 мыңы ит жеккенге қудаланып, қазақ халқының бетке ұстар азаматтары осындай нәубетті басынан өткізді. 1937 жылы туған ақын өмірінің соңына дейін «неге мен сол жылы тудым» деп жауабын таба алмай өтті. Зобалаң жылдар қазақтың әр отбасының тарихында өшпес ізін қалдырды, айналып өтпеді. Сондықтан болар 1997 жылы 3 сәуірде №3443 Қазақстан Президентінің жарлығымен 31 мамыр күнін репрессияға ұшыраған боздақтарды еске алу күні деп жариялауы күнәсіз жазаланғандарды ұрпағына тіріліп бермесе де, халық жауы деп қаралаған жаладан ақтап, халқын, елін сүйген ерлер екенін дәлелдеп, ғасыр бойы қара жамылған халықтың басын көтеріп аталарын мақтаншыпен еске алып, алға батыл басып, елінің болашағын құруға дем берді.

Осы өлең жолдары итермелеп, ән туына себеп болды. Өйткені өз атам Әбіштің туған ағасы парتشолға оқуға кеткен қалпынан жоқ болып, тіпті аты аталмай өтті, немере інісі Хамит Сомбаев ауыл әкімі болып жүрген жерінен халық жауы аталып, 10 жылын Сібірде өткізіп елге оралды. Содан болар 6 маусымда ән дайын болды. Сол жылы «Алжир» мұражайының ашылуына дайындық жұмыстарын басқарып жатқан Әприза Құсайыновамен кездесіп, әнді тыңдап, мәтінін оқыттым. Әнді мәдениет департаментінің басшылығы тыңдап, жақсы қабылдап, филармонияның әншілері Нурфат Хабержанұлы мен Айнур Байнұдина мұражайдың ашылу рәсіміне дайындап орындады.

Бірақ әнді жетілдіру мақсатында ізденіс тоқтатылмады. Ізденіс жолында 2009 жылы өнер академиясын бітірген жас, қоңыр дауысты әнші Азамат Жылтырқозовті тағдыр кездестірді. Әнді алып, 3-4 ай бойына сіндіріп, жүрегінен өткізген ән, ақын мен сазгердің ойын жетілдіре жеткізген туынды болып шықты. Бүгінгі күні еліміздің облыстық теледидарлары мен орталық «Хабар» медиахолдингі және «Қазақстан» телерадио корпорациясы кезінде көрсетті. 2010 жылы мұражайды сол жылдары басқарған Болат Жүнісбековтің қолдауымен бейнебаян түсіріліп, клип болып шықты. 31 мамырда тұсаукесеріне қатысамын деп дайындалған ақын-ағамыз 4 сағат ұмыры жетпей дүниеден озды. Өзі кетті – әні қалды. Тағдыр...

Ерсайын НАРЫМБАЕВ



АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық қурбандарын еске алу күніне орай Астана қаласындағы Қараөткел зиратында еске алу рәсімі өтті.

Аталған зиратта мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов жерленген. Әуелі Алаш арыстарына құран бағышталып, әруақтар рухына тағзым етілді.

Еске алу рәсімін ашқан «Қазақ газеттері» ЖШС директоры, алаштанушы академик Дихан Қамзабекұлы: «Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін қурбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия былтыр қыс мезгілінде қорытынды жариялады. 311 мың адам ақталды. 2 млн 500 мыңдай құжат құпиясыздандырылды. Бұл – өте ауқымды жұмыс. Президентіміз: «Алаштың жолы – білім-ғылым жолы» деген еді. Алаш қайраткерлерінің көбінің бейіті жоқ, олардың әрбірінің аты-жөні, қайғы-қасіреті, ауыр жолы туралы естеліктер мен

оқиғалар тарихта жазылмайынша, ғылыми жұмыстар аяқталды деп айта алмаймыз. Смағұл Сәдуақасов атамыз айтқандай, артымызға анық көңілмен, алдымызға ашық көзбен қарайық, елімізде береке болсын» деді.

Іс-шарада Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді және Алаш қайраткерлерінің ұрпақтары сөйлеген сөздерінде осындай іс-шаралар жастарға терең ой салатынын тілге тиек етіп, Алаш зиялылары тарихын құрметтеп-бағалау тұрғысындағы істер жалғаса берсін деген тілек білдірді.

Еске алу рәсіміне Алаш қайраткерлерінің ұрпақтары, ғалымдар, «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшілері, әкімдік өкілдері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері қатысты.



Қазір үлкендермен бірге балалар мен жасөспірімдер де тәулігіне кем дегенде 4-5 сағат әлеуметтік желілердегі ақпаратты тұтынады. Ақпараттық технологиялар адамзатқа зор мүмкіндіктермен қатар қауіп-қатерлерді де көбейтті. Жақында америкалық ғалымдар гаджетке тәуелділік туралы зерттеу жүргізіп, күн сайын әлеужеліден 2 сағат бейнематериал көретін 3 жасқа толмаған балалардың сөйлеуге деген қабілетінің тез нашарлағанын жария етті. Яғни, 3 жасқа дейінгі балаға мүлдем смартфон бермеу керек. Қытайда қазір 8 жасқа толмаған балаларға интернетті күніне 40 минут қана қарауға рұқсат ететін заң жобасы қызу талқылануда. Демек, балаға әлеужелінің пайдасымен қатар зияны, қауіп артып отыр деген сөз. Енді осы мәселеге талдау жасайық.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ**ЗИЯНДЫ КОНТЕНТТЕН
ҚАУІП КӨБЕЙДІ**

Қазақстандағы балалардың 15 пайыздан астамы күнделікті интернеттегі зиянды ақпаратпен бетпе-бет келеді. Биыл наурызда Оқу-ағарту министрлігінің ЮНИСЕФ-пен бірлесіп жүргізген «Kazakhstan Kids Online» атты әлеуметтік зерттеуінің нәтижелерін жариялаған мамандар осындай тұжырымға келген. Соның нәтижесінде балалардың 11,7 пайызының мінез-құлқы бұзылып, психикалық тұрғыдан зиян шегеді. Статистикалық деректерге үңілетін болсақ, қазіргі кезде кибербуллингке ұшыраған балалардың (52,1 пайызы) ол туралы жан баласына тіс жармайтыны анықталып отыр. Қазақстандық ата-аналардың 17,6 пайызы ғана жаһанторда таралатын тыйым салынған контент пен зиянды ақпаратты сүзу құралдарын пайдаланады. Әлеуметтанушылардың пікірінше, Қазақстандағы балалардың 5 пайызы (!) 3-4 жасына дейін жаһантордағы ақпаратты тұтынады. Ал 9-дан 10-жасқа дейінгі балалардың 60 пайызы, 11 жасан 12-ге дейінгі балалардың 66 пайызы әлеуметтік желілерден өз аккаунтын ашып, ойын ойнайтын платформаларды белсенді пайдаланады.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ
ЖАУЫЗДЫҚ ТЕРЕЗЕСІ МЕ?**

Өткенде әлеуметтік желілерде тараған бейнежазбадан балабақшадағы кішкентай балалардың, соның ішінде бір қатыгез баланың өз тобындағы бір баланы жерге жығып салып, аяусыз тепкілегенін көрдік. Басы жарылып, миы шайқалған баланың өке-шешесі полицияға арыз жазған соң, ана сотқар баланың өке-шешесіне сөгіс беріп қана жазалады. Мектептегі оқушылар екі күннің бірінде біреуді сабайды, я болмаса құрдасын не мұғалімді пышақтайды. Павлодардағы жантүршігерлік оқиға осыған дәлел. Ақтаудағы соңғы қоңырау салтанатындағы қып-қызыл төбелесті де БАҚ әлеуметтік желілер жарыса жазып, жаманшылықты жалпақ жұртқа жеткізді.

Үлкендермен бірге мұндай масқараны балалар да көріп отыр. Психолог-мамандардың айтуынша, өзінің жасына сай келмейтін ақпаратқа қол жетімділік баланың психикасын бұзады, моральдық нормалар мен шынайы өмірді түсінуін бұрмалап жеткізеді. Зорлық-зомбылық, жауыздық пен хайуандық

БАЛА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

көріністер әр баланың өзі мен жақындарының қауіпсіздігі үшін уайымға салып, депрессияға, сенімсіздікке, әлеуметтік фобияларға деген үрейін ұлғайта түседі. Олай болса, жауыздық пен зорлықты насихаттайтын мұндай ақпараттарды таратуға заң жүзінде тыйым салуымыз керек.

Dataportal халықаралық цифрлық қызметінің мәліметтері бойынша Қазақстандағы әлеуметтік желілерді тұтынушылардың саны биыл 3,7 млн адамға көбейген. Еліміздегі халықтың 71,5 пайызы әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланады. Соның ішінде, өткен жылы TikTok-ты пайдаланушылар саны 3,7 млн адамға (35 пайызға), Instagram-ды пайдаланушылар саны 1,7 млн адамға (16 пайыз), Facebook-ті пайдаланушылар саны 400 мың адамға (18 пайыз) өсіпті. Осы жерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көптеген кемшіліктерге жол беріп отырмыз. Мұны прокурорлар мен депутаттар ашық мойындап, өз ой-пікірлерін қоғамға естіріп жүргеніне куәміз.

**ҚОРҒАНСЫЗ БАЛА –
ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ**

Астана қаласы прокурорының жөнемет жасқа толмағандар жөніндегі аға көмекшісі Айгерім Өмірзақова кейбір мектеп басшылары күйзеліске ұшыраған балаларды анықтай алмай, мәселені жасырумен әлектенетінін айтады.

«Қазір мектеп балаға ең қауіпсіз жер болуы керек. Алайда прокурорлар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы көптеген кемшіліктердің барын анықтады. Қылмыстың алдын алу жұмыстары жүргізілмегендіктен я болмаса әлсіз жүргізілгеннен балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс, суицид оқиғалары азаймай отыр. Мысалы, биыл Астанада балалар арасында жыныстық сипаттағы қылмыс өршіп кетті. 24 балаға қатысты жыныстық зорлық жасалғаны анықталды. Былтыр 83 бала суицид жасады, соның ішінен 12



баланың өмірін арашалап қала алмадық. Биыл да өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары тіркелді. Бұл – бір ғана отбасының қайғысы емес, күллі қоғамның қасіреті» дейді А.Өмірзақова.

Ол қазір балалардың өмірде физикалық тұрғыдан да, эмоционалды тұрғыдан да қорғансыз қалғанын ашық айтты. «Мектептерде баланың психологиялық жағдайына назар аудармаймыз. Мектеп психологы тығырыққа тірелген, жаны күйзелген баланы анықтай алмайды. Көп жағдайда сынып жетекшісі мен директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жеткілікті дәрежеде жұмыс жүргізбейді. Бұдан бөлек, мектеп әкімшіліктері осындай мәселе туындаса, оны жасырып-жабумен әлек болады» дейді ол.

**ЖАЗАЛАУ ЕМЕС,
БОЛДЫРМАУ ТИІМДІРЕК**

Мәжіліс депутаты Ұласбек Сәдібеков балаларға қатысты заңсыздыққа жаза тағайындағаннан, оның алдын алған тиімдірек деген пікірде.

«Өкінішке қарай, мұндай

жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес» деп атап айтты. Қазіргі заманның шындығы осы. Үйде «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа болмағандықтан, балалардың интернеттен қолы босамайды. Өзіне керек дүниені әлеуметтік желіден алуда. Үлкендік жасап, ақыл айтып, кеңес беретін әке мен телефонға телміріп кеткен. Осының салдарынан бүгінгі күні жастар мен бүлдіршіндер арасында дұрыс сөйлей алмайтын, ойын жеткізе алмайтын аурулар түрі көбейді. Біз бұл үрдіспен күресу үшін жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда санасы өсіп, білімі жетіледі» дейді Ұ.Сәдібеков.

**TIK TOK-ТЫҢ ТЕРІС
ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?**

Қазір еліміздегі мектеп оқушыларының 9 пайызы буллингтен зардап шегеді. Әлеуметтанушы мамандардың айтуынша, әрбір 13-ші жасөспірім төбелеске қатысады. Ұлдардың 12 пайызы және қыздардың 4 пайызы сыныптасын не өзге оқушыларды ұрып-соғуға үнемі дайын тұрады екен. Қазаққа «бала көргенін істейді» деген сөз бар. Әлеуметтік желіден көрген жауыздықты өмірде қайталағысы келетін жасөспірімдердің саны артуда. Бәріне себеп – әлімжеттік пен жабайлықты насихаттайтын әлеуметтік желілер. Парламент депутаттары бұл мәселеге бірнеше рет үн қосып, Үкіметке ұсыныстарын айтты.

Сенат депутаты Әлішер Сатыбалдиев қытайлық TikTok-қа «Ұлттық құндылықтарға жат» және «Адамдық қасиеттердің жоғалуына себеп болатын материал» деген тетіктер қосуды талап етті. «Ақтөбе облысының 28 жастағы тұрғынының 8-11 жас аралығындағы етегін жинап үлгермеген жеткіншектеріміздің жалаңаш суреттерін порнографиялық сайтта саудалағаны үшін бас бостандығынан айырылуы және азаматтар тарапынан өтініш-шағымдардың көп түсуі, бұл салада бақылаудың әлсіздігін меңзейді. TikTok желісінде «Менің өтінішімді орындасан 10 мың теңге беремін» деп жазбалар қалдырып, жеткіншектерді ар-

P.S: Сәуір айында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева TikTok-ты бұғаттау туралы мәселе қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Ал TikTok-тың өкілдері министрдің мәлімдемесіне «таң қалумен» жауап берді. Бір әлеуметтік желіні бұғаттасақ, екінші бір желіні ашып алатыны анық. Өйткені, ол – адамдардың табыс табатын, өмір сүретін» жері. Ең бастысы, баланы зиянды ақпараттан қорғаймыз десек, әр ата-ана шынайы көңіл бөліп, бос уақытын бақылап, дұрыс тәрбие алуына ықпал етуі керек.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Астанада боччадан үшінші ел чемпионатының шешуші жұптық және командалық сайыстары өтті.

Чемпионат жеңімпаздарын Сенат төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит және басқалары құттықтап, жүдделерін табыстады.

«Биылғы жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Себебі былтырғыға қарағанда қатысушылардың саны 2 есеге көп болды. 12 өңірден қатысты. Олардың ішінде БҚО, Түркістан облысы бірінші рет бақ сынады. Сондай-ақ жарыс барысында электронды табло қолданылды. Мұның бір ерекшелігі – турнирдің онлайн нәтижесін өзге елдер де көре алды. Осылардың барлығы елімізде

боччаның жақсы деңгейде дамып жатқанын көрсетеді. Барлығыңызды құттықтаймын!» деді Сенат төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев.

Бочча спорты елімізде қарқынды дамып келеді. Мәселен, 2023 жылы ел чемпионатына 47 адам қатысса, биылғы қатысушылардың саны 89-ға жеткен. Сондай-ақ еліміздің өңірлерінде де бұл спортқа деген қызығушылық арта түскен.

«Елімізде бочча спортының негізін қалаушы Сұлтанбек Орынбасаровтың алғашқы шәкірттерінің бірі едім. 7 жылдан бергі уақытта Қазақстан чемпионатының жеке сайысында 2 мәрте қола жүлдеге ие болдым. Биыл бірінші рет командалық сайыс өтіп,

өзім аңсаған чемпион атағына қол жеткіздім» деді чемпион атанған астаналық спортшы Ерхат Алматы.

Жарыстың соңғы күні Астана қаласының ересектер командасы жұптық сайыста топ жарды. ВСЗ класс сайысында Нұралы Нұрманқұл, Ярослав Осипенко күміс жүлдеге қол созса, ересектер арасындағы командалық бәсекеде Итиана Шыңғысқызы, Меруерт Тілебалды, Ерхат Алматы республика чемпионы атанды.

Енді бочча чемпионатының үздіктері биыл 14-22 қараша күндері Бахрейнде өтетін әлем чемпионатында ел намысын қорғайды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



ТҰРҒЫН АЛАПТАРДА – ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТ

Бүгінгі таңда Астанадан сыртқарырақ орналасқан барлық тұрғын алап жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген. 2024 жылдың үшінші тоқсанының соңында «Өндіріс», «Казгородок», «Кирпичный», «Мичурино» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарының үйлеріне сапалы интернет қосу жоспарланып отыр. Бұл туралы елордалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Астана қаласы Цифрандыру және мемлекеттік қызмет басқармасы басшысының орынбасары Берік Ахметов мәлім етті.

– Қазіргі кезде Астанадан 16 тұрғын алабы және 1 саяжай алабы бар. Соның ішінде «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Үркер», «Тельман», «Пригородный», «Заречный», «Оңтүстік-Шығыс»,

«Интернациональный», «Теміржолшылар», «Промышленный» тұрғын алаптары, сондай-ақ «Қоянды» саяжай массивін қоса алғанда, 12 тұрғын алап жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз



етілген. Жалпы жоспар 12 000 мың жеке үйге қосылуды қамтиды. Бүгінгі таңда 7593 абонент қосылған. Жобаға салынған инвестициялардың жалпы сомасы 2,68 миллиард теңгені құрайды. Барлығы 665 шақырым оптикалық байланыс желілерін салу жоспарлануда, – деді Берік Ахметов.

Айтуынша, Сарыарқа ауданы бойынша «Көктал-1», «Көктал-2» және «Агроқалашық» тұрғын алаптарына «Қазақ үй желілері» ЖШС инвестор болған. «Көктал-1»-де 60 шақырымнан астам көше кабельдері тартылып, 740 абонент қосылған. «Көктал-2»-де 35 шақырымнан астам көше кабельдері тартылып, 138 абонент қосылған. «Агроқалашық»-та 37 шақырымнан астам көше кабельдері тартылып, 320 абонент қосылды.

Есіл ауданы бойынша Тельман тұрғын алабы инвесторы «Synergy Telecom» ЖШС 60 шақырымнан астам көше кабельдері тартып, 310 абонент қосылған. «Заречный» және «Пригородный» тұрғын алаптарында «Қазақтелеком» АҚ-тан оптикалық интернет бар.

– Нұра ауданы бойынша «Үркер» тұрғын алабына инвестор «Synergy Telecom» ЖШС, 140 км көше кабельдері тартып, 1400 абонент қосылған. Алматы ауданының оңтүстік-шығыс шағын ауданының оң жағында 85 шақырымнан астам көше кабельдері тартылып, 754

абонент қосылды. «Промышленный» тұрғын алабында 25 шақырымнан астам көше кабельдері тартылып, 435 абонент қосылған. Оларға «Қазақ үй желілері» ЖШС инвестор болған. «Интернациональный» тұрғын алабында 70 км көше кабельдері тартылып, 490 абонент қосылды. Инвесторы – «Synergy Telecom» ЖШС. Биыл қыркүйек айының соңына дейін «Мичурин» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарында қосылу жоспарланған. Инвесторы – «Synergy Telecom» ЖШС, – деді Цифрандыру және мемлекеттік қызмет басқармасы басшысының орынбасары.

Сондай-ақ, Байқоңыр ауданы бойынша «Өндіріс», «Казгородок» және «Кирпичный» тұрғын алаптарын да 2024 жылдың тамыз-қыркүйек айларында жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету көзделуде. Инвесторы – «Қазақ үй желілері» ЖШС. Бүгінгі күнге дейін «Қоянды» саяжай алабында 20 км көше кабельдері тартылып, 20 абонент қосылған. Инвесторы – «Твой новый телеком» ЖШС.

Баспасөз мәслихаты барысында Берік Ахметов елорданың тұрғын алаптарында жоғары жылдамдықты интернетті қосу жобасы цифрлық технологияларға қол жетімділікті айтарлықтай жақсартатынын және бұл жергілікті тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

ӨМІРДЕН ӨТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ

Қазақ поэзиясына нәзіктік пен биязылық әкелген Марфуға Бектемірова туған жерін сүйді, кербез де сұлу Көкшетауды, жер жәннаты Бурабайды, асқақ Оқжетпесті, тылсым Жұмбақтасты, суы мөп-мөлдір Айнакөлді жырға қосты. Сосын да елін сүйген перзентін жерлестері ұмытпай, қадірлейді. Ақмола облысындағы Бурабай ауданының орталығы Щучье қаласындағы бір көшеге ақын есімінің берілуі – соның жарқын айғағы.

Қаладағы жоғары педагогикалық колледждің мәжіліс залында қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Марфуға Бектемірова көшесінің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға Бурабай аудандық, қалалық әкімдіктің қызметкерлері, ардагерлер, мұғалімдер, Көкшетау, Астана қалаларынан келген ақын-жазушылар, БАҚ өкілдері қатысты.

– Халқымызға адал қызмет етіп, мәдениетіміз бен әдебиетімізді дамытуға зор еңбек сіңірген қайраткерлеріміздің, асылдарымыздың еңбегін біз ешқашан ұмытпай, есте сақтауымыз керек. Бұл өскелең ұрпақты патриоттық рухқа, адамгершілікке, мейірімділікке, жақсылыққа тәрбиелеуге көмектеседі. Қаламыздағы бір көшенің талантты ақын Марфуға Бектемірова есімімен аталуының өзі заман мен ұрпақтың ажырамас байланысын тағы бір мәрте көрсетеді. Ақын өмірден ерте кетсе де, өзінің ойшыл да жақұт жырларымен халық жадында мәңгілік сақталды деп сенемін, – деді Щучье қаласының әкімі Асхат Мұхамеджанов.

Енді Бурабай ауданының орталығы Щучье қаласындағы бұрынғы Емельян Пугачев көшесі



Марфуға Бектемірова есімімен аталады. Бұл көше шаһардың бір шетіндегі Көкшетау тауының етегінен басталып, вокзалға дейін ұзыннан ұзақ созылып жатыр.

Жиында ақынның жары, жазушы Есенгелді Сүйінов осы іс-шараны ойдағыдай өткізуге белсене атсалысқандарға отбасы, туған-туысқандар атынан

алғыс айтты. Іс-шарада Марфуға Бектемірованың сыршыл өлеңдері оқылды, сөзіне жазылған және төл әсем әндері орындалды. «Жан-дүниенің жаңғырығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ақерке БАЗАРҒАЛИЕВА, Л.Гумилев атындағы университетінің студенті



«ЖАСЫЛ ЕЛ»: ЕҢБЕК МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен және Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Жасыл ел» студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының XX еңбек маусымының салтанатты ашылуы өтті.

– «Жасыл ел» жобасының жиырмасыншы маусымы аясында 4200 адамды жұмыспен қамтып, оның ішінде көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға жәрдемдесеміз. Ең әуелі оларға арнайы униформа беріледі. Одан бөлек 65 мың теңгенің көлемінде сыйақы төленеді. 14 пен 16 жас аралығындағы жасөспірімдер күніне 4 сағаттан өздерінің оқу орындарында мектеп қабырғасында жұмыс істейді. Қазіргі таңда экология мәселесі зор маңызға ие. Жоба ұраны – «Астана –

тазалық пен тәртіптің үлгісі». Жастар жазғы демалыстарын пайдалана отырып, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға үлес қосады, – деді «Жасыл ел» жасағы басшысының орынбасары Асылбек Абдрашид.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары бағдарламасы республиканың барлық өңірлерінде және Астана қаласы бойынша жүзеге асырыла бастады. Осы жиырма жылдың ішінде Астана қалалық «Жасыл ел» штабы қаламызда елеулі еңбек атқарып, 14 пен 35 жас аралығындағы жұмыссыз жастар мен студенттерді жазғы

еңбек маусымында жұмысқа орналастырып келеді.

– «Жасыл ел» жобасының ұйымында болу өте керемет мүмкіндіктер сыйлауда. Оларға алғысымызды білдіреміз. Осы жобаның арқасында тек жұмыспен қамтылу емес, бір-бірімізге көмектесу арқылы достығымыз нығаюда, еліміздің тазалығына үлесімді қосу мен үшін зор мәртебе, – деді «Жасыл ел» жобасының қатысушысы Даниял Қотқан.

Анель АМАНГЕЛДИЕВА, Л.Гумилев атындағы ұлттық университетінің студенті

ҚАҺАРМАНҒА ҚҰРМЕТ

Астана қаласының әкімдігі Ұлттық академиялық кітапханада Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Рахымжан Қошқарбаев: Рейхстагқа тігілген ту» атты жаңа жинақтың таныстырылымына арналған дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелді Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жүргізіп отырды. Іс-шараға қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов қатысты.



Жиналғандар Астана қаласы мемлекеттік архив қорындағы Рахымжан Қошқарбаевтың өмір тарихына қатысты «Ерлікке тағзым» атты архив құжаттарының көрмесімен танысты.

Есімі ерліктің символына айналған Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаев туралы алғашқы сөзді ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев бастады. Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Абай Тасболатов, мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғыртудың маңыздылығын, Рахымжан Қошқарбаевтың қайсарлығы мен батырлығын көзімен көргендердің дәйекті деректерін тілге тиек етті.

Рахымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Тайтөбе ауылының маңында туған. Ол 1945 жылдың 30 сәуірінде жауынгер Григорий Булатовпен бірге алғашқы болып Рейхстагқа Жеңіс туын тігеді. Соғыстан соң лейтенант Қошқарбаев Эльба бойындағы советтік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет етеді. Ал 1947-67 жылдары Қошқарбаев Ақмола облыстық Атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР министрлер кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор болады.

Өлім мен өмірді, құрмет пен табынуды ұлтқа бөлген саясаттың кесірінен еленбеген, небәрі 21 жасында адам сенгісіз ерлік жасаған Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы алғаш рет сөз қозғаған Бауыржан Момышұлы «Мен де соғысқа қатыстым. Дивизияға дейін басқардым. Төрт жыл бойғы көрген сұрапылдың небір сұмдықтыры көз алдымда. Бірақ Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын – ойнағыз ақырзаманның өзі. Жаңағы



жігіт сол тозақ отының ішінде болған. Сол алапаттан аруақ қолдап, аман шыққан. Жеңіс туын тіккен! Тағдыр оның тарихи адам ретіндегі өмірбаянын сол сәтте жазған! Сендердің міндеттерің – енді соны елге айтып, жалпақ жұртқа жеткізу» деп айтқан сөзі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Содан бері солақай саясаттың кесірінен ерлігі еленбеген, алғашқылардың бірі болып, Рейхстагқа ту тіккен батыр Рахымжан

Қошқарбаевтың өшпес ерлігі туралы талай жыр-дастан, естеліктер, сыр-сұхбаттар, әңгіме, хикаяттар жазылды. «Халық қаһарманы» атағы берілді. Астанада еңселі ескерткіш орнатылды, оның есімімен көшелер аталады, есімі мектепке берілді.

Адамзат тарихынан өшпес орын алған хас батырдың өмірі мен ерлігі мән-мазмұнымен қымбат, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Ғазиза ИСАХАН



САДАҚ АТУДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Дәстүрлі садақ атудан Қазақстан ұлттық құрамасының спортшысы елордалық Айкөркем Батихан Түркияның Ыстанбұл қаласында өткен «Fetih Kupası» турнирінде әлем чемпионы атанды.

Айкөркем Батихан бұл тарихи жеңіске 50 метр қашықтықта диаметрі 50 см болатын Пута нысанасы бойынша жарыста қол жеткізді. 12-ші рет өтіп отырған «Fetih Kupası» халықаралық турниріне әлемнің 20 елінен 300-ге жуық спортшы қатысты.

«Fetih Kupası» халықаралық турнирі – дәстүрлі садақ ату бойынша ең ірі жарыстардың бірі. Бұл сайыста табысты өнер көрсету және жеңіске жету қазақстандық барлық садақшының үлкен арманының бірі десек болады. Бұл турнир – Түркияда 12 жыл бойы үзбей өтіп келе жатқан іс-шара. Қазақстандық спортшылар оған 2017

жылдан бері қатысып келеді, бірақ биылға дейін жеңіске жетпеген едік. Осы жылы біздің спортшылар финалға шықты: 4 қыз және 4 ер адам жолдама алды.

Финалда Айкөркем Батихан Түркияның ең мықты садақшысымен кездесіп, оны 5:4 есебімен жеңді. Айкөркемнің жеңісі – бүкіл командамыз үшін үлкен жетістік» деді дәстүрлі садақ атудан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Диас Ахметов.


19 жастағы Айкөркем Батихан – астаналық спортшы. Оның дәстүрлі садақ атумен айналысып жүргеніне небәрі 1,5 жыл болған.

ТҮРІК ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай түрік тіліне аударылған «Өлгендер қайтып келмейді» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шара аясында Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Іс-шараға ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, ҚР МАМ Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Эврен Мудеррисоғлы қатысты.

«Мәдениет және ақпарат министрлігі қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді басып шығару бағдарламасы аясында Бердібек Соқпақбаевтың көптомдық кітабын екі рет басып шығарып, еліміздің барлық кітапханасына таратқан болатын. Көрнекті жазушының оқырман саны артатыны қуантады. Енді олардың қатарын түрік бауырларымыз да толықтырады» деді Рустам Әли.



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖАРЫСЫ

Астанада Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «LAVASH FOOD» жылдам тамақтану мейрамханалар желісі ұйымдастырған мерекелік жарыстарға 6-12 жас аралығындағы 50-ге жуық бала қатысты. Жарысқа қатысушылар Паралимпиадалық жаттығу орталығында 7 түрлі эстафеталық сайыстан сынға түсті.

«12 жастағы Алтынай атты қызым 7 жылдан бері осы Паралимпиада жаттығу орталығына тұрақты келеді. Ол арбадағы спорттық би, бочча, үлкен тенниспен айналысады. Спорт – біздің өміріміз. Тек салауатты өмір салтын ұстану арқылы біз ауруды жеңіп, өзгелер секілді тең мүмкіндік аламыз. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған осындай іс-шараның болғанына өте қуаныштымын» дейді астаналық Салтанат Ардаққызы.

Мерекелік эстафетаның соңында барлық қатысушыға арнайы фуршет жайылып, сыйлықтар таратылды.

